

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі
«7M01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына
ПІКІР

Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша оқыту мерзімі 2 жылға негізделіп құрастырылған «7M01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы (траекториясы: тіл білімі // әдебиеттану) типтік оқу жоспарына, жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білім беру классификаторына, педагогтің кәсіби стандартына, Еуропалық біліктілік шеңберінде келісілген Дублиндік дескрипторларға және университеттің академиялық саясатына сай келеді. Оның басты мақсаты – білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті, еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарына жауап беретін жоғары білікті мамандар даярлау.

Бағдарлама «Білім беру бағдарламасының паспорты», «Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері», «Бітірушінің біліктілік сипаты», «Білім беру бағдарламасының құрылымы» және «Білім беру бағдарламасының даму жоспары» сынды іштей тараушаларға жіктелген бес тараудан тұрады. Оларда бағдарламаның қолданылу аясы, мақсат-міндеттері, модульдік сипаты, жалпы және кәсіби құзыреттіліктер, пәндер туралы мәлімет, оқыту стратегиялары мен әдістері, оқыту нәтижелерін бақылау мен бағалау т.т. қарастырылған, бағдарлама түлегінің моделі мен негізгі тұтынушылары, түлектің кәсіби қызмет саласы жайында ақпарат ұсынылған. Оқыту пәндері «Тілдік дайындық және философиялық ғылымдар», «Филологиялық мәселелер», «Әдістемелік» және «Тілтаным және әдебиеттаным мәселелері» атты модульдер айналасында топтастырылған, әр пәнге тән құзыреттілік пен оқыту нәтижелері көрсетілген. «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті поэтикасы», «Қазақ тіліндегі орамды сөйлемдер», «Қазақ әдеби байланысы», «Ғылыми-зерттеу жұмысының әдіснамасы және академиялық жазу сауаттылығы», «Лингвоперсонология», «Тіл ғылымындағы контактология» және т.б. сынды пәндер бүгінгі күн талабы мен сұранысын қанағаттандырады және әдебиеттану мен тіл білімі ғылымдарының тың әрі өзекті мәселелерін қамтиды.

Қысқасы, аталған білім беру бағдарламасы ҚР ҒЖБМ құжаттарды ресімдеу талаптарына толық жауап береді. Күтілетін нәтижелері айқын және білім алушылардың білім, білік, дағдыларының қалыптасып дамуына өзіндік үлес қосады.

А.Қ. Құсайынов атындағы
Еуразия гуманитарлық институты
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
меңгерушісі, философия докторы (PhD), доцент



А.Е. Әлімбаев

ҚОЛЫН КҮӘЛАНДЫРАМЫН
«А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ» ЖБМ-І
20__ ж. «__»
Қолы